



**«RG BRANDS»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
(«RG BRANDS» АҚ)
ЕКІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА
ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ
ПРОСПЕКТИ**

**ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ЖИЫНТЫҚ
КӨЛЕМІ: 12 000 000 000 (ОН ЕКІ МИЛЛИАРД) ТЕНҒЕ**

**Осы проспект 2013 жылғы 30 сәуірдегі жағдай бойынша құрастырылған
Қаржы көрсеткіштері 2013 жылғы 31 наурыздағы жағдай бойынша берілген**

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі ғана қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын және эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды.

Алматы, 2013 ж.

1. Эмитент туралы жалпы мәліметтер

2. Эмитенттің атауы

Эмитенттің атауы

Атауы	Толық	Қысқартылған
Қазақ тілінде	«RG Brands» акционерлік қоғамы	«RG Brands» АҚ
Орыс тілінде	Акционерное общество «RG Brands»	АО «RG Brands»

Эмитенттің алдыңғы атаулары

Атауы	Толық	Қысқартылған	Тіркеу күні
Қазақ тілінде	«RG Brands» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	«RG Brands» ЖШС	22.06.1998 ж.
Орыс тілінде	Товарищество с ограниченной ответственностью «RG Brands»	ТОО «RG Brands»	
Қазақ тілінде	«RG Brands» ашық акционерлік қоғамы	«RG Brands» ААҚ	27.03.2001 ж.
Орыс тілінде	Открытое акционерное общество «RG Brands»	ОАО «RG Brands»	

Эмитент «RG Brands» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «RG Brands» акционерлік қоғамы болып қайта құрылуы нәтижесінде құрылған. «RG Brands» АҚ «RG Brands» ЖШС барлық құқықтары мен міндеттемелері бойынша құқылы мирасқоры болып табылады.

3. Эмитенттің мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі туралы) мәліметтер

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік №39023-1910-АҚ 2009 жылғы 04 қыркүйекте Алматы қ. Әділет департаментімен берілген. Эмитент алғаш тіркелген күн: 27 наурыз 2001ж.

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі Эмитентке 2009ж. 04 қыркүйекте берілген.

4. ҚР ҚҚА Басқармасының 28.05.07ж. № 155 қаулысына сәйкес алынып тасталған.

4-1. Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

010340003839

5. Эмитенттің орналасқан жері туралы ақпарат, байланыс телефондарының, факсінің нөмірлері, электронды поштасының мекенжайы

Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Райымбек даңғылы, 212 Б

Тел.: +7 (727) 250 57 40, 250 99 68

Факс: +7 (727) 250 13 55

Электронды поштасы: reception@brands.kz

6. Эмитенттің банктік деректемелері

БСН 010340003839

Кбе 17

Эмитенттің ағымдағы шоттары:

1) IBAN KZ97319A010000450113 «БТА Банк» АҚ, БСК АВКЗКЗКХ

2) IBAN KZ399490001095173001 «HSBC Bank Kazakhstan» АҚ ЕБ, БСК HSBCKZKA

7. Эмитенттің қызмет түрлері

- азық-түлік, сондай-ақ басқа өнім өндіру,
- азық-түлік пен басқа өнімді көтерме және бөлшек тарату,
- кафелер, барлар, мейрамханалар, басқа да қоғамдық тамақтану орындарын, дүкендер

ұйымдастыру,

- халық тұтыну тауарлары, азық-түлік экспорты, импорты, сондай-ақ басқа да экспорттық-импорттық операциялар,
- Қазақстан Республикасының ішінде және одан тыс жерде табиғи монополиялар қызметі саласына жатпайтын темір жолмен, автомобильмен, теңіз арқылы және әуе арқылы жүк тасымалдарына көліктік-экспедиторлық қызмет көрсету,
- құрылыс, жөндеу-құрылыс, әрлеу, монтаждау жұмыстары, құрылыс материалдарын өндіру және тарату,
- кондитерлік өнімдер өндіру,
- жарнама-ақпараттық қызмет,
- маркетингтік қызмет,
- бәсеке өнім шығаратын бірлескен өндірістер, технологиялар құру мақсатында инвестициялар салу;
- коммерциялық және делдалдық қызмет,
- жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету,
- жылжымалы және жылжымайтын мүлікпен операциялар жасау,
- инновациялық қызмет,
- түрлі жұмыстар, қызметтер атқару, соның ішінде техникалық, ұйымдастыру, көліктік, сервистік, пайдалану қызметтері, соның ішінде машиналарды, механизмдерді, жабдықтарды, бағдарламалық құралдарды, жүйелерді, басқа да техниканы сатып алу, жеткізу, сату, орнату, әзірлеу, өндіру, енгізу, пайдалану, жөндеу, сервистік қызмет көрсету,
- шикізат, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік тауарлар, жартылай фабрикаттар, екінші шикізат, машиналар, жабдықтар, тағамдық тауарлар, отын, құрылыс материалдары, басқа да тауарлар, олардың туындылары саудасы, сауда, соның ішінде көтерме, бөлшек сауда саласындағы делдалдық,
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен тыйым салынбаған, Эмитенттің мүддесіне жауап беретін басқа қызмет.

Тізімі заң актілерімен анықталатын жекелеген қызмет түрлерін Эмитент арнайы рұқсаттың (лицензияның) негізінде ғана атқара алады.

7-1. Эмитент қаржы агенттігі болса, келесі мәліметтерді көрсету керек

Эмитент қаржы агенттігі емес.

8. Эмитентке немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтингтік агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер

2012 жылғы 19 қыркүйекте Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі Эмитентке компаниялар тобының корпоративтік рейтингін және B2 деңгейіндегі дефолт ықтималдылығы рейтингін берді, рейтинг бойынша болжам – тұрақты. Эмитенттің бағалы қағаздарына рейтингтер берілген жоқ.

9. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атаулары, тіркелген күндері, орналасқан жерлері мен пошталық мекенжайлары

Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

10. Эмитенттің соңғы аяқталған үш қаржы жылындағы қаржылық есептілігіне аудит жүргізген (жүргізетін) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атаулары (аудитордың тегі, аты, болған жағдайда әкесінің аты), олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігі көрсетіледі

Соңғы аяқталған үш қаржы жылы ішінде Эмитенттің қаржы есептілігінің аудитін жүргізген аудиторлық ұйым – «Делойт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби д-лы, 36).

«Делойт» ЖШС келесі ұйымдардың мүшесі болып табылады: Қазақстандағы Америка сауда палатасы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сейфуллин к-сі, 506/99, 8-қабат), Қазақстан Республикасы Аудиторлар палатасы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 6-ықшам аудан, 56-үй, 34-оф.), Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әйтеке би к-

сі, 67), Қазақстанның Еуропалық бизнес қауымдастығы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтпаев к-сі, 29/6, 10-қабат).

Проспектіні уәкілетті органға берер жылдың алдындағы үш жыл ішінде тиісті қызметтерді көрсетуге шарт жасалған заң және қаржы мәселелері бойынша кеңес бергендердің толық ресми атаулары олардың тиісті алқаларға (қауымдастықтарға, палаталарға) тиістілігі көрсетіледі

Соңғы үш жылда тиісті қызметтер көрсетуге жасалған заң мәселелері бойынша Эмитенттің кеңесшілері – «Burlingtons Kazakhstan» (Берлингтонс Қазақстан) жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби д-лы, 7, 155-офис), «БМФ Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абай д-лы, 151/115, «Алатау» БО, 10-қабат), «Юридическая компания «ЮНИУС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., М.Өзтүрк к-сі, 14, 17-офис).

Заң мәселелері жөніндегі аталған кеңесшілерден алқалықтарға (қауымдастықтарға, палаталарға) «БМФ Групп» ЖШС ғана тиесілі, кеңесші Қазақстан франчайзинг одағына (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь к-сі, 111), Халықаралық тауар белгілері қауымдастығына (International Trademark Association) (АҚШ, Нью-Йорк, 3 авеню, 10-қабат), Халықаралық лицензиялық қоғамға (The Licensing Executives Society International) (АҚШ, Виргиния, Александрия қ., Диагональ к-сі, 1800), Халықаралық зияткерлік меншікті қорғау жөніндегі қауымдастыққа (International Association for the Protection of Intellectual Property) (Швейцария, Цюрих қ., Тодильштрассе, 16) жатады.

Эмитенттің шығарылым проспектінің мемлекеттік тіркеу үшін және облигацияларды «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу үшін көмектеу жөніндегі кеңесшісі – «RESMI» Инвестициялық Қаржы Үйі» акционерлік қоғамы (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., әл-Фараби д-лы, 110 «Е»). «RESMI» ИҚҮ» АҚ «Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы» ЗТБ мүшесі болып табылады. Эмитенттің басқа қаржы мәселелері жөніндегі кеңесшілері жоқ.

Проспект құрастырылған күнге дейін Эмитент осы тармақта аталған тұлғалармен жасаған шарттарын бұзған жоқ.

11. Корпоративтік басқару кодексі

Корпоративтік басқару кодексі Эмитент акционерлерінің жалпы жиналысының 2006 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен бекітілген.

2. Эмитенттің басқару органдары

12. Эмитенттің басқару органдарының құрылымы

Жоғарғы орган	Акционерлердің жалпы жиналысы
Басқарушы орган	Директорлар кеңесі
Атқарушы орган	Басқарма

Эмитент акционерлерінің жалпы жиналысы

Эмитент акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесілер жатады:

- 1) Эмитент Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оның жаңа редакциясын бекіту,
- 2) Эмитентті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату,
- 3) Эмитенттің жарияланған акцияларының санын өзгерту туралы шешім қабылдау,
- 4) есеп комиссиясының сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату,
- 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен талаптарын айқындау,
- 6) Эмитент аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау,
- 7) жылдық қаржы есебін бекіту,
- 8) Эмитенттің бизнес-жоспарын бекіту,

- 9) есепті қаржылық жылдағы Эмитенттің таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, Эмитенттің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Эмитенттің бір жай акциясы есебінен дивиденд мөлшерін бекіту,
- 10) қолданыстағы заңнамамен қарастырылған жағдайлар басталғанда Эмитенттің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау,
- 11) активтер сомасына қарамастан, Эмитентке тиесілі барлық активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру арқылы Эмитенттің басқа заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 12) қатысу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған басқа заңды тұлғалардың қызметіне Эмитенттің қатысудан шығуы туралы шешім қабылдау,
- 13) Эмитенттің ірі мәмілелерді және жасауға Эмитент мүдделі мәмілелерді жасауы туралы шешімдерді бекіту,
- 14) меншікті капитал мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Эмитент міндеттемелерін ұлғайту туралы шешім қабылдау,
- 15) Эмитент акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге хабарлау нысанын анықтау, басылымда осындай ақпаратты орналастыру туралы шешім қабылдау,
- 16) Эмитент бағалы қағаздар нарығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алған жағдайда акциялардың құнын анықтау әдістемесін бекіту,
- 17) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту,
- 18) акционерлерге Эмитенттің қызметі туралы ақпарат беру тәртібін анықтау, соның ішінде Эмитент Жарғысымен басқа тәртіп анықталмаса, басылымды анықтау,
- 19) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою,
- 20) шешім қабылдауы Жарғымен Жалғыз акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер.

Эмитенттің Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Эмитент қызметінің басым бағыттарын анықтау,
- 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау,
- 3) Эмитент акцияларын орналастыру, жарияланған акциялардың саны шегінде орналастыру бағасы туралы шешім қабылдау,
- 4) Эмитенттің орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдау,
- 5) Эмитенттің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту,
- 6) жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, есепті қаржы жылында төленетін дивидендтерді есептемегенде бір жай акция үшін дивиденд мөлшерін анықтау,
- 7) атқарушы органның сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, басшысы мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 8) Эмитент Басқармасының лауазымдық жалақы мөлшерін, жалақы, сыйақы төлеу талаптарын анықтау,
- 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне жалақы және сыйақы төлеу талаптары мен мөлшерін анықтау,
- 10) бағалаушы мен аудиторлық ұйымның қызмет төлемінің мөлшерін анықтау,
- 11) Эмитенттің резервтік капиталын пайдалану тәртібін анықтау,
- 12) Эмитенттің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған Эмитенттің қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар жатпайды),
- 13) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау, олар туралы ережелерді бекіту,
- 14) Эмитенттің міндеттемелерін меншікті капитал мөлшерінің бес және одан көп пайызын құрайтын көлемге дейін ұлғайту,
- 15) Бұрынғы тіркеушімен шартты бұзған жағдайда Эмитенттің тіркеушісін таңдау,
- 16) Эмитент немесе қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа құпия ақпаратты анықтау,
- 17) Нәтижесінде Эмитент құны 5 000 000 (бес миллион) теңгеден төленген жарғылық капиталдың 10 (он) пайызына дейін құрайтын бағалы қағаз болып табылмайтын мүлікті және/немесе қызметтерді иеленетін немесе шеттетін мәмілелерді немесе мәмілелер жиынтығын жасауы туралы шешімдерді бекіту,

- 18) Комитеттер туралы шешім қабылдау, сандық құрамын, комитеттердің мүшелерін, сондай-ақ комитеттердің қызмет тәртібін қарастыратын ішкі құжатты бекіту,
 19) Эмитенттің Жарғысымен қарастырылған және Эмитент акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын басқа мәселелер.

Эмитент Басқармасы

Басқарма Эмитенттің ағымдағы қызметін басқарады. Ол заңнамамен және Жарғымен Эмитенттің басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатпайтын, Эмитент қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқылы. Эмитент Басқармасының Төрағасы Басқарманы басқарады, ол:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады,
- 2) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Эмитенттің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 3) үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Эмитентті таныту құқығына сенімхаттар береді,
- 4) Эмитенттің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды, ауыстырады, шығарады, оларға ынталандыру және тәртібі үшін жазалау шараларын қолданады, Эмитенттің штат кестесіне сәйкес Эмитент қызметкерлерінің лауазымдық жалақы және жеке үстеме ақы мөлшерін белгілейді, атқарушы орган мен ішкі аудит қызметінің құрамына жататын қызметкерлерді есепке алмағанда Эмитент қызметкерлеріне төленетін сыйақы мөлшерін анықтайды,
- 5) Эмитенттің қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді,
- 6) өзі болмағанда міндеттерін орындауды орынбасарына жүктейді,
- 7) Эмитенттің басшы қызметкерлерінің арасында міндеттерді, өкілеттіктер мен жауапкершілікті бөледі,
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Жарғымен, Акционерлердің жалпы жиналысы мен Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа да функцияларды атқарады.

13. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшелері

Директорлар кеңесінің мүшелері

Аты-жөні, болса, әкесінің аты, туылған жылы	Эмитентте қызмет атқара бастаған күн	Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқарып жүрген қызметтері, хронологиялық тәртіппен берілген, оның ішінде қосарлас қызметтері	Эмитенттің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жарғылық капиталға қатысуы	Эмитенттің Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің еншілес және тәуелді ұйымдардың жарғылық капиталына қатысуы, қатысу үлестері
Мажидбаев Қайрат Куанышбаевич, 1968 ж.т.	05.04.2004ж. бері «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы	30 қаңтар 2012ж. қазіргі уақытқа дейін – «RESMI Прямые инвестиции» ЖШС Бас директоры 12 мамыр 2010 ж. қазіргі уақытқа дейін – «RESMI» компаниялар тобы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы 28 сәуір 2008ж. - 04 қыркүйек 2011ж. – «РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі 24 қаңтар 2006ж. қазіргі уақытқа дейін – «INNOVA INVESTMENT» ЖШС Бакылау кеңесінің төрағасы	«RG Brands» АҚ ЖК 55,9263%	1) «Великая Стена» АИЖМ» АҚ ЖК 0,08% 2) «RESMI» ИҚУ» АҚ ЖК 29% 3) «RESMI» компаниялар тобы» АҚ ЖК 38,06% 4) «INNOVA INVESTMENT» ЖШС ЖК 34,3% 5) «Successful Investment Trust» ЖШС ЖК 0,01%

		<p>15 қазан 2004 ж. қазіргі уақытқа дейін – «RESMI» ИҚУ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>05 сәуір 2004 ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы</p>		
Кошкинбаев Еркін Жаксыбаевич, 1970 ж.т.	28.02.2005ж. бері «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі	<p>11 қараша 2011ж. қазіргі уақытқа дейін – «Successful Investment Trust» ЖШС Директоры</p> <p>12 мамыр 2010ж. қазіргі уақытқа дейін – «RESMI» компаниялар тобы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>20 қараша 2009ж. - 04 қараша 2011ж. – «RESMI» ИҚУ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>28 сәуір 2008 ж. - 04 қыркүйек 2011ж. – «РЕСПУБЛИКА» ЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>30 мамыр 2008ж. - 19 наурыз 2012ж. – «Великая Стена» АИЖМ» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>14 шілде 2007ж. қазіргі уақытқа дейін – «Innova Capital Partners» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>17 қыркүйек 2007 ж. - 30 наурыз 2010 ж. – «RESMI» компаниялар тобы» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі</p> <p>24 қаңтар 2006 ж. қазіргі уақытқа дейін – «INNOVA INVESTMENT» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі</p> <p>28 ақпан 2005 ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</p>	31,1417% в УК АО «RG Brands»	<p>1) «Великая Стена» АИЖМ» АҚ ЖК 0,08%</p> <p>2) «RESMI» ИҚУ» АҚ ЖК 29%</p> <p>3) «RESMI» компаниялар тобы» АҚ ЖК 8,7754%</p> <p>4) «INNOVA INVESTMENT» ЖШС ЖК 13%</p> <p>5) «Successful Investment Trust» ЖШС ЖК 99,99%</p>
David Paul Westall (Дэвид Пол Весталл), 1964 ж.т.	06.04.2010ж. бері «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі	<p>06 сәуір 2010 ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>07 желтоқсан 2009ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Басқарма төрағасы</p>	жоқ	жоқ
Timothy Spencer	05.11.2012ж. бері	05 қараша 2012ж. қазіргі	жоқ	жоқ

Russell (Тимоти Спенсер Рассел), 1954 ж.т.	«RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі	уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі 13 қыркүйек 2012 ж. қазіргі уақытқа дейін – «RESMI» компаниялар тобы» АҚ Бас инвестициялық директоры 2011 - 2012 ж. – Siraj Private Equity Fund (Палестина, Рамалла қ.) Бас менеджері 2010 ж. – Truestone Asset Management (Ұлыбритания, Лондон қ.) жеке капитал жөніндегі маман		
Franck Elias Benhamou (Френк Элиас Бенаму), 1960 ж.т.	01.03.2005ж. бері «RG Brands» АҚ тәуелсіз директоры - Директорлар кеңесінің мүшесі	01 наурыз 2005ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор қаңтар 2010ж. - қыркүйек 2012ж. – CISLINK Ltd (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.) Бас менеджер қаңтар 2011 ж. қазіргі уақытқа дейін – Costacalendar SL (Испания, Малага қ.) Бас менеджер	жоқ	жоқ
David Brian Walker (Дэвид Брайн Уокер), 1962 ж.т.	05.11.2012ж. бері «RG Brands» АҚ тәуелсіз директоры - Директорлар кеңесінің мүшесі	05 қараша 2012 ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор 28 қыркүйек 2012ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Қаржы-инвестициялық комитетінің мүшесі қазан 2011 ж. - мамыр 2012 ж. – «Управляющая компания «Тройка Диалог (Ресей Федерациясы, Мәскеу қ.) ЖАҚ Басқарушы директоры қыркүйек 2007 ж. - шілде 2011ж. – Citibank International PLC (Ұлыбритания, Лондон қ.) Басқарушы директор	жоқ	жоқ

Эмитенттің Директорлар кеңесінің құрамындағы алдыңғы екі жылдағы өзгерістер:

- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 06.04.2010ж. шешімімен David Paul Westall (Дэвид Пол Весталл) Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды,
- 27.04.2011ж. бастап Эмитент алған өтініштің негізінде Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Боранбаев М.С. өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды,
- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 20.06.2011ж. шешімімен Подольский В.Г. Эмитенттің Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор болып сайланды,

- 01.09.2012ж. бастап Эмитент алған өтініштің негізінде Директорлар кеңесінің мүшесі Канафин А.А. өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды,
- 05.09.2012ж. бастап Подольский В.Г. жасалған тәуелсіз директор қызметтерін ұсыну шарты бұзылды,
 - Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 05.11.2012 ж. шешімімен Timothy Spencer Russell (Тимоти Спенсер Рассел) Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды,
 - Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының 05.11.2012 ж. шешімімен David Brian Walker (Дэвид Брайн Уокер) Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор болып сайланды.

13-1. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері

1. Қаржы-инвестициялық комитет,
2. Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет,
3. Аудит жөніндегі комитет.

Қаржы-инвестициялық комитет

Қаржы-инвестициялық комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарастыру, Эмитенттің Директорлар кеңесіне олар бойынша нұсқаулар әзірлеу жатады:

1) қоғамның даму стратегиясын әзірлеу және бекіту процесін жүйелендіру, соның ішінде орта мерзімді 5 (бес) жылға және әрбір операциялық жоспарлау 1 (бір) жыл кезеңіне Эмитент менеджментінің мақсаттары мен негізгі міндеттерін әзірлеу,

2) негізгі стратегиялық бағыттар, Эмитент пен Директорлар кеңесінің ең үздік халықаралық салалық стандарттар деңгейінде тиісті басқару процедуралары мен процестерін енгізуі бойынша сараптама ұсыну,

3) Эмитенттің кезеңдегі қаржы-операциялық қызмет нәтижелерін бағалау,

4) Эмитенттің, еншілес ұйымдарының, құрылымдық бөлімшелерінің инвестициялық жобаларын бекіту жөніндегі процедураны қарастыратын инвестициялық жобаларды қарастыру,

5) тоқсанына кем дегенде 1 (бір) рет кезекті отырыстармен Комитет жұмысын ұйымдастыру (әдетте Директорлар кеңесінің тоқсандық отырысына дейінгі кезеңде),

6) Эмитенттің Директорлар кеңесі мен акционерлері үшін Эмитенттің ағымдағы қаржы және экономикалық жағдайын бағалау,

7) Экономиканы орта мерзімді және жылдық жоспарлау негізгі қағидаларын, қаржы бастамаларын жетілдіру мен орындалуын бақылау (қаржы стратегиясы және экономикалық модель),

8) Директорлар кеңесінің Төрағасы мен Эмитенттің атқарушы органы басшысын менеджментті дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен орындауға басқаша қолдау,

9) қаржы-шаруашылық жоспардың орындалуын бақылау,

10) ішкі бақылау тиімді процедураларының орнатылуы мен қамтамасыз етілуін бақылау,

11) Эмитенттің тиімді және мөлдір басқару жүйесінің қамтамасыз етілуін бақылау, соның ішінде Эмитенттің атқарушы органдары мен лауазымды тұлғалары тарапынан қиянат жасауды ескерту және алдын алу,

12) Эмитент пайдаланатын немесе ашатын қаржы ақпаратының шынайылығын қамтамасыз етуді бақылау.

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет

Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитетінің құзыретіне келесі мәселелерді қарастыру, олар бойынша Эмитенттің Директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу жатады:

1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлерді таңдау критерийлерін анықтау,

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің, атқарушы орган басшысының, атқарушы орган мүшелерінің, Эмитенттің негізгі құрылымдық бөлімшелері басшыларының сыйақы мөлшерін, аталған тұлғалардың пайдасына Эмитенттің есебінен төленетін басқа төлемдердің мөлшерін анықтау қағидалары мен критерийлерін (соның ішінде өмірді, денсаулықты сақтандыру, мемлекеттік емес зейнетақымен қамсыздандыру), сондай-ақ қызметін бағалау критерийлерін анықтайтын сыйақы саласындағы Эмитенттің саясатын әзірлеу,

3) Эмитенттің атқарушы органы басшысы мен мүшелеріне, Эмитенттің негізгі құрылымдық бөлімшелері басшыларына үміткерлерді таңдау критерийлерін анықтау, тоқсанына кем дегенде 1 (бір) рет қатысу тәртібінде отырыстармен Комитет жұмысын ұйымдастыру (әдетте Директорлар кеңесінің тоқсандық отырысына дейінгі кезеңде),

- 4) Эмитенттің атқарушы орган басшысымен, мүшелерімен жасалатын шарттардың талаптарын әзірлеу,
- 5) Эмитенттің атқарушы органының басшысы мен мүшелеріне үміткерлерді алдын ала бағалау,
- 6) Эмитенттің атқарушы органының басшысы мен мүшелерінің қызметін тұрақты бағалау, қайтадан тағайындау мүмкіндігі жөнінде ұсыныстарды Директорлар кеңесі үшін әзірлеу,
- 7) Эмитенттің кадрлық саясатын қарастыру, мақұлдау, соның ішінде жалақы және өтемақы мәселелері,
- 8) келесі мақсатта қызметкерлер жұмысы мен дамуына шолу жасау:
 - Белгілі бір критерийлердің көмегімен қызметкерлер жұмысы мен дамуы нәтижесін бағалау жүйесі,
 - Корпоративтік және жеке міндеттерді жүзеге асыру барысында қызметкерлер жұмысының тиімділігін анықтау процесі,
 - Бизнес стратегиясының басымдылықтарына, құндылықтарға, корпоративтік мәдениетке негізделетін қызметке қойылатын талаптармен салыстырғанда қызметкерлердің нақты қызметін бағалау,
- 9) Эмитент жобаларын жүзеге асыру кезінде әрекеттер жүйелігін қамтамасыз ету үшін барлық мүдделі тұлғаларға оқу саласындағы қабылданған шешімдер туралы хабарлау.

Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитеттің құзыретіне келесі мәселелерді қарастыру, олар бойынша Эмитенттің Директорлар кеңесіне ұсыныстар әзірлеу жатады:

- 1) Эмитент акционерлерінің жалпы жиналысында кейіннен бекіту үшін жоғары кәсіби білікті, халықаралық танылған тәуелсіз аудиторлар арасынан таңдалатын Эмитенттің сыртқы аудиторларына үміткерлерді таңдау жөнінде Эмитенттің директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу,
- 2) бұдан былай ынтымақтасу үшін сыртқы тәуелсіз аудитордың кандидатурасын таңдау және Директорлар кеңесінің қарауына ұсыну үшін тендер өткізілуін бақылау. Сыртқы тәуелсіз аудитормен жасалатын шарт жобасы бойынша нұсқаулар әзірлеу,
- 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына, Эмитенттің басқа да ішкі құжаттарына сәйкес келуіне есептілікті және сыртқы аудиторлық тексеру нәтижелерін талдау, сондай-ақ есептілікті бағалау, Эмитент аудиторының ескертулерін қарастыру, Эмитент есептілігін құрастыру жүйесін жетілдіру жөнінде Эмитенттің Директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу,
- 4) Эмитенттің тәуелсіз сыртқы аудит жүргізу барысында туындайтын мәселелерді талдау және Эмитенттің аудиторымен бірге талқылау. Комитет осы мәселелер бойынша пікірін, соның ішінде нұсқауларын Директорлар кеңесіне білдіруге тиіс,
- 5) Эмитент аудиторының есебін қарастыру нәтижелерін акционерлерге Эмитент акционерлерінің жылдық жалпы жиналысына материалдар ретінде ұсыну,
- 6) ішкі бақылау жүйелерін талдау және бағалау, оларды жетілдіру жөнінде нұсқаулар әзірлеу,
- 7) ішкі бақылау ережелерін, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет ету мақсатында ішкі бақылау бағдарламаларын орындау туралы есептерді алдын ала қарастыру,
- 8) Эмитенттің ішкі бақылау жүйесіне, қаржы есептілігі мен есебіне қатысты шағымдарды қарастыру және шешу тәртібін әзірлеу,
- 9) Эмитенттің Директорлар кеңесінің талап етуімен қорытындылар немесе құзыреті шеңберінде жекелеген мәселелер бойынша өз бастамасымен нұсқаулар әзірлеу, жылына бір рет Эмитенттің Директорлар кеңесінің қарауына Комитеттің жұмысы туралы есеп ұсыну,
- 10) аудит қорытындылары бойынша Эмитенттің бухгалтерлік есебіне енгізілетін маңызды дәлдіктер тізімін қарастыру,
- 11) Эмитенттің ішкі бақылау жүйесімен танысу, сондай-ақ Эмитенттің Директорлар кеңесіне Эмитенттің қаржы-шаруашылық қызметі туралы ақпарат беру мақсатында атқарушы орган жұмысының тиімділігін талдау,
- 12) Эмитенттің тәуекелдерін басқару жүйесін бағалау, Эмитенттің Директорлар кеңесіне тиісті нұсқаулар әзірлеу,
- 13) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерімен бухгалтерлік және салық есебі мәселелерін, сондай-ақ Эмитенттің қаржы есептілігіне теріс әсер етуі мүмкін заң мәселелерін талқылау,

14) тәуелсіз бағалаушының кандидатурасы жөнінде Эмитенттің Директорлар кеңесіне нұсқаулар әзірлеу, тәуелсіз бағалаушының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізген мүліктің нарықтық бағасына талдау жасау.

Эмитенттің Директорлар кеңесі комитеттерінің мүшелері

Эмитенттің Директорлар кеңесі комитетінің атауы	Эмитенттің Директорлар кеңесі комитетінің әр мүшесінің аты-жөні, болса, әкесінің аты, туылған жылы	Эмитенттің Директорлар кеңесі комитетінің әр мүшесінің қызмет атқара бастаған күні
Қаржы-инвестициялық комитет	Timothy Spencer Russell (Тимоти Спенсер Рассел), 1954 ж.т.	28.09.2012ж. бері қаржы-инвестициялық комитеттің төрағасы
	David Brian Walker (Дэвид Брайн Уокер), 1962 ж.т.	28.09.2012 ж. бері қаржы-инвестициялық комитеттің мүшесі
	Литвинова Елена Петровна, 1963 ж.т.	27.04.2012 ж. бері қаржы-инвестициялық комитеттің мүшесі
	Бабич Валентина Васильевна, 1963 ж.т.	27.04.2012 ж. бері қаржы-инвестициялық комитеттің мүшесі
	Айдаркулов Асылбек Абдухалыкович, 1978 ж.т.	27.04.2012 ж. бері қаржы-инвестициялық комитеттің мүшесі
Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитет	Мажибаев Кайрат Куанышбаевич, 1968 ж.т.	28.09.2012ж. бері Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы
	David Paul Westall (Дэвид Пол Весталл), 1964 ж.т.	27.04.2012 ж. бері Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің мүшесі
	Акишева Лэзат Маратқызы, 1967 ж.т.	27.04.2012 ж. бері Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің мүшесі
	Болатова Зарема Болатовна, 1976 ж.т.	27.04.2012 ж. бері Кадрлар және сыйақы жөніндегі комитеттің мүшесі
Аудит жөніндегі комитет	Franck Elias Benhamou (Френк Элиас Бенаму), 1960 ж.т.	28.09.2012ж. бері Аудит жөніндегі комитеттің төрағасы
	Timothy Spencer Russell (Тимоти Спенсер Рассел), 1954 ж.т.	28.09.2012 ж. бері Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі
	Литвинова Елена Петровна, 1963 ж.т.	28.09.2012 ж. бері Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі
	Боровкова Лариса Григорьевна, 1966 ж.т.	28.09.2012 ж. бері Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі
	Айдаркулов Асылбек Абдухалыкович, 1978 ж.т.	28.09.2012 ж. бері Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі
	Чумичёва Елена Владимировна, 1967 ж.т.	28.09.2012 ж. бері Аудит жөніндегі комитеттің мүшесі

13-2. Ішкі аудит қызметі

Есеп күнгі Эмитенттің ішкі аудит қызметі жоқ.

14. Эмитенттің атқарушы органы

Эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшесінің аты-жөні, болса, әкесінің аты, туылған күні	Эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшесінің соңғы үш жылда атқарған және қазіргі кезде атқарып жүрген қызметі хронологиялық тәртіпте, соның ішінде қосарлас қызметі, қызмет атқара бастаған күні, өкілеттіктері	Эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшесінің эмитенттің төленген жарғылық капиталына қатысуы, қатысу үлестері көрсетіледі	Эмитенттің алқалық атқарушы органының әрбір мүшесінің ұйымның төленген жарғылық капиталына қатысуы, қатысу үлестері көрсетіледі
David Paul Westall (Дэвид Пол Весталл), 1964 ж.т.	<p>06 сәуір 2010ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Эмитенттің Жарғысымен анықталған құзыреті шегінде Эмитенттің қызметіне жалпы басшылық жасайды</p> <p>07 желтоқсан 2009ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Басқарма төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Эмитенттің Жарғысымен анықталған құзыреті шегінде Эмитенттің қызметіне жалпы басшылық жасайды</p>	жоқ	жоқ
Калтаев Тимур Сейткарымович, 1977 ж.т.	<p>01 желтоқсан 2010ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands Kazakhstan» ЖШС Бас директоры Қазақстан Республикасының заңнамасымен, серіктестіктің жарғысымен анықталған құзыреті шегінде серіктестіктің қызметіне, істерінің жүргізілуіне ағымда басшылық жасайды</p> <p>01 сәуір 2008ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Бас операциялық басшысы шикізатты сатып алудан бастап, Эмитент клиенттеріне өнімді жеткізуге дейін жеткізілімді ұйымдастыру мақсатында басқарады</p> <p>20 қазан 2004ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Басқармасының мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Эмитенттің Жарғысымен анықталған құзыреті шегінде Эмитенттің қызметіне ағымда басшылық жасайды</p>	«RG Brands» АҚ ЖК 1,4249%	жоқ
Баязеров Руслан Даулеткеримович, 1976 ж.т.	<p>03 қазан 2011ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Коммерциялық директоры Эмитенттегі сатылымдарды басқарады</p> <p>01 қаңтар 2010ж. - 02 қазан 2011 – «RG Brands» АҚ Сатылым жөніндегі директоры Эмитент өнімінің сатылымын басқарады,</p>	«RG Brands» АҚ ЖК 0,7802%	жоқ

	<p>дистрибуциясын қамтамасыз етеді</p> <p>19 желтоқсан 2008ж. қазіргі уақытқа дейін – «Uni Commerce Ltd» ЖШС Бас директорының міндеттерін атқарушы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, серіктестіктің жарғысымен анықталған құзыреті шегінде серіктестіктің қызметіне, істерінің жүргізілуіне ағымда басшылық жасайды</p> <p>20 қазан 2004ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Басқарма мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Эмитенттің Жарғысымен анықталған құзыреті шегінде Эмитенттің қызметіне ағымда басшылық жасайды</p>		
<p>Ағыбаев Асқат Ериқжанович, 1976 ж.т.</p>	<p>01 сәуір 2010ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Өндіріс жөніндегі бас басқарушысы Эмитенттің өндірістік қызметін басқарады</p> <p>01 қаңтар 2010ж. - 31 наурыз 2010ж. – «RG Brands Kazakhstan» ЖШС «Космис» филиалының директоры Қостанай қ. сүт пен сусындар өндірісін әкімшіліктік және операциялық басқарады</p> <p>20 қазан 2004ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Басқарма мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Эмитенттің Жарғысымен анықталған құзыреті шегінде Эмитенттің қызметіне ағымда басшылық жасайды</p>	<p>«RG Brands» АҚ ЖК 0,717%</p>	<p>жоқ</p>
<p>Bernadette Mary Archibald (Бернадетт Мари Арчибальд), 1962 ж.т.</p>	<p>03 қазан 2011ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Маркетинг жөніндегі бас басқарушысы маркетингтік стратегияны әзірлейді, Эмитенттің брендтер портфелін басқарады</p> <p>30 шілде 2010ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Басқарма мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Эмитенттің Жарғысымен анықталған құзыреті шегінде Эмитенттің қызметіне ағымда басшылық жасайды</p> <p>03 маусым 2010 - 02 қазан 2011ж. – «RG Brands» АҚ Коммерциялық директоры Эмитенттің маркетингтік стратегиясын қамтамасыз етеді</p> <p>01 қаңтар 2010ж. - 02 маусым 2010ж. – «RG Brands» АҚ Кеңесшісі Эмитент</p>	<p>жоқ</p>	<p>жоқ</p>

	Басқармасына маркетинг стратегиясын әзірлеу, жаңа өнімдерді дамыту, медиа жоспарлау, Эмитенттің ағымдағы брендтер желісін кеңейту жөнінде кеңес берді		
Акишева Ләзат Маратқызы, 1967 ж.т.	27 сәуір 2012ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Басқарма мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Эмитенттің Жарғысымен анықталған құзыреті шегінде Эмитенттің қызметіне ағымда басшылық жасайды 01 наурыз 2008ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Ұйымды дамыту және адами ресурстар департаментінің директоры Эмитент қызметкерлерін басқару саясатын әзірлеп, енгізеді.	жоқ	жоқ
Халяпин Андрей Васильевич, 1978 ж.т.	30 шілде 2010ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands» АҚ Басқарма мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Эмитенттің Жарғысымен анықталған құзыреті шегінде Эмитенттің қызметіне ағымда басшылық жасайды. 01 маусым 2009ж. қазіргі уақытқа дейін – «RG Brands Kazakhstan» ЖШС «Ақсөңгір» филиалының директоры филиал қызметін әкімшілік және операциялық басқарады.	«RG Brands» АҚ ЖК 0,0043%	жоқ

15. Акционерлік қоғамдар толтырмайды.

16. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне, Эмитенттің басқа да басшы тұлғаларына төленетін сыйақы

1) Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне, Эмитенттің басқа да басшы тұлғаларына облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннің алдындағы соңғы үш ай ішінде төленген сыйақының жалпы мөлшері – 83 592 155,78 (сексен үш миллион бес жүз тоқсан екі мың бір жүз елу бес теңге жетпіс сегіз тиын) теңге,

2) облигациялар шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап келесі он екі ай ішінде Директорлар кеңесінің мүшелеріне, атқарушы органның мүшелеріне, Эмитенттің басқа да басшы тұлғаларына төленуге тиісті жалпы жоспарланған сыйақы мөлшері – 353 167 760 (үш жүз елу үш миллион бір жүз алпыс жеті мың жеті жүз алпыс) теңге.

17. Эмитенттің ұйымдық құрылымы

1) Эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері жоқ. Эмитенттің құрылымдық бөлімшелері:

- Сату департаменті
- Жеткізуді ұйымдастыру департаменті
 - Жоспарлау бөлімі
 - Сатып алу бөлімі
 - Логистика бөлімі
- Ақпараттық жүйелер департаменті
- Өндіру
- Маркетинг департаменті

- Қаржы департаменті
 - Қаржы талдау және бюджетті жоспарлау бөлімі
 - Бухгалтерия
 - Қазынашылық және корпоративтік қаржы
 - Бақылау-тексеру қызметі
- Ұйымды дамыту және адами ресурстар департаменті
- Заң департаменті
- Экономикалық қауіпсіздік бөлімі

2) Есеп күнгі Эмитент қызметкерлерінің жалпы саны 1 816 адам құрайды, оның ішінде өндірісте 614 адам, сауда бөлімшелерінде 1024 адам, басқару және әкімшілік қызметкерлер құрамымен танытылған басқарушы компанияда 178 адам жұмыс істейді.

3) Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер келесі кестеде берілген:

Эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер

Аты-жөні	Туылған жылы	Құрылымдық бөлімше	Атқаратын қызметі
Баязеров Руслан Даулеткеримович	1976 ж.	Сату департаменті	Коммерциялық директор
Калтаев Тимур Сейткарымович	1977 ж.	Жеткізуді ұйымдастыру департаменті	Бас операциялық басқарушы
Омарова Шолпан Атабековна	1965 ж.	Жеткізуді ұйымдастыру департаменті	Жеткізуді ұйымдастыру департаменті директоры
Абдикадилова Айгуль Абдихановна	1969 ж.	Жоспарлау бөлімі	Жоспарлау жөніндегі директор
Малькеева Гульмира Даулбаевна	1965 ж.	Сатып алу бөлімі	Сатып алу бөлімінің басшысы
Курчаков Сергей Викторович	1976 ж.	Ақпараттық жүйелер департаменті	АЖ департаментінің директоры
Зубко Андрей Юрьевич	1972 ж.	Логистика бөлімі	Логистика бөлімінің басшысы
Агыбаев Аскат Ерикжанович	1976 ж.	Өндіріс	Өндіріс жөніндегі бас басқарушы
Bernadette Mary Archibald (Бернадетт Мари Арчибалд)	1962 ж.	Маркетинг департаменті	Маркетинг жөніндегі бас басқарушы
Айдаркулов Асылбек Абдухалыкович	1978 ж.	Қаржы департаменті	Қаржы мәселелері жөніндегі бас басқарушы
Чумичёва Елена Владимировна	1967 ж.	Бухгалтерия	Бас бухгалтер
Насырбекова Лариса Юрьевна	1974 ж.	Қаржы талдау және бюджетті жоспарлау бөлімі	Бөлім басшысы
Унгарбаев Алибек Калдыбаевич	1984 ж.	Қазынашылық және корпоративтік қаржы	Қазынашылық және корпоративтік қаржы жөніндегі директор
Никонорова Вероника Владимировна	1963 ж.	Бақылау-тексеру қызметі	Бақылау-тексеру қызметінің басшысы
